

Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 67-268 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 10 желтоқсанда № 5798 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 16-45 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 22.12.2023 № 16-45 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Іле аудандық мәслихатының "Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және тіл мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Іле аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Бейсембаев

Іле аудандық мәслихатының хатшысы

Р. Абилова

Іле аудандық мәслихаты 2020 жылғы 8

желтоқсаны № 67-268 шешімге

қосымша

Іле ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан

Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес өзірленді.

1. Жалпы ереже

1. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде Ереженің 1-тармағында көрсетілген негізгі ұғымдар пайдаланылады.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайды тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

1) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

2) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4. Тұрғын үй көмегі шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ай

сайынғы жарналар туралы жеткізушілер ұсынған шоттар және коммуналдық қызметтерді төлеу шоттары бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің он пайызы мөлшерінде.

2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

6. Тұрғын үй көмегі "Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) тоқсанына бір рет көрсетіледі. Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанда құжаттарды ұсыну уақытына қарамастан ағымдағы тоқсанға тағайындалады және көрсетіледі.

7. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) Ереженің 4 тармағына сәйкес құжаттарды ұсына отырып, жүгінеді.

8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе порталдан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап Ережеге сәйкес мерзімдерді құрайды.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар уәкілетті органды тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы олар туындаған күннен бастап хабардар етеді.

Алушылар тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы хабарламаған жағдайда, қайта есептеу келесі тоқсанда жүргізіледі (анықталған фактісі бойынша).

Артық төленген сомалар – ерікті тұрде, ал бас тартылған жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

10. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібі "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматтының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы" 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығына сәйкес есептеледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 20498 болып тіркелген).

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде алаңның нормасы есепке алынады:

1) бір отбасы мүшесіне - пайдалы алаңның 18 шаршы метрі;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын жалғыз

тұратын азаматтар үшін - пайдаланатын алаңына қарамастан 30 шаршы метр, бірақ нақтыдан асырмай.

12. Коммуналдық қызметті тұтыну нормалары тиісті уәкілдегі орган қолданатын коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламалы.

13. Коммуналдық қызметтерді тұтыну тарифтерін қызмет жеткізуі ұсынады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда келесі нормалар ескеріледі:

1) газ тұтыну - жеке үйде тұратындарға тағам дайындау үшін 1 адамға табиғи газ – 12,5 текше метр, көп қабатты тұрғын үйлерде тағам дайындау үшін 1 адамға табиғи газ – 18,5 текше метр;

тұрғын үйдің 1 шаршы метр ауданын жылытуға табиғи газ – 7 текше метр;

тағам дайындау үшін отбасына 1 айға тұтынатын сұйық газ – 10 килограмм (1 кішкене баллон);

2) электр энергиясын тұтыну: 1 адамға - бір айға 70 киловатт, 4 және одан да көп адамы бар отбасы үшін - бір айға 250 киловатт;

3) сумен қамтамасыз ету нормасы - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайда - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек;

4) кәріз - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайда - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек;

5) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару – жеткізушінің шотына сәйкес;

6) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяға – жеткізушінің шотына сәйкес;

7) қатты отынды тұтынушылар үшін: пешпен жылытатын тұрғын үйлерге – жылына 5 тонна көмір.

Коммуналдық қызметтерді тұтыну есебіне қабылданатын шығыстар коммуналдық қызметтерді тұтынудың белгіленген нормативтерінен аспайтын, өткен тоқсандағы нақты шығындар бойынша айқындалады.

15. Қатты отынның құнын есептегендегі аймақта өткен тоқсанда қалыптасқан орташа баға ескеріледі.

3. Қаржыландыру және төлеу

16. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру Іле ауданының бюджетімен тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

17. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілдегі орган екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырады.

4. Қорытынды

18. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК